

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің
6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған
Аяпбергенова Гульсим Сагындыковнаның «Болашақ бастауыш сынып
мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру»
тақырыбына жазылған диссертациясына отандық
ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Әлемдік білім беру жүйесінің дамуындағы негізгі басымдықтардың бірі – педагогикалық мамандықтар даярлау жүйесін, ондағы білім беру мазмұнын жаңарту. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасындағы нормативтік құжаттарда да жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқыту бағдарламаларын өзгертуді, сондай-ақ студенттердің алатын білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай кәсіби дағдылар мен құзыреттіліктерін игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізу қажеттілігіне айрықша мән берілген. Мұның өзі жоғары оқу орнында болашақ мамандардың арнайы құзыреттілігін қалыптастыруда қазіргі қоғам сұранысына жауап беретін, өзін-өзі дамытатын, ақпараттық технологияларды инновациялық үдеріс ретінде пайдалана білуді міндеттейді.

Осы тұрғыдан алғанда Г.С.Аяпбергенованың «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы зерттеу жұмысының өзектілігі сөзсіз.

Диссертациялық жұмыста болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру бағытындағы ғылыми еңбектерді және білім саласындағы бүгінгі таңдағы тәжірибені талдау нәтижесінде мәселенің тарихи және теориялық аспектілері зерделенген.

Халықаралық тәжірибе мен отандық зерттеулерге сүйене отырып, ізденуші «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» ұғымына өзіндік сипаттамасын берген, теориялық тұрғыдан негізделген жобалар әдісі негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін модель мен педагогикалық шарттарды айқындап, тиімділігі эксперимент арқылы дәлелденген.

Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес оқыту үдерісіне «Бастауыш мектепте жобалар әдісін пайдалану» оқу құралы, «Білім беруде жобалар әдісін қолдану» электрондық оқулығы, «Студенттерге жобамен жұмыс жасауға арналған әдістемелік нұсқаулық» және «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» элективті курсының оқу-әдістемелік кешені ендірілген.

Аяпбергенова Гульсим Сагындыковнаның диссертациясы ішкі логикалық жағынан жүйеленген, тиісті теориялық, әдіснамалық және практикалық деңгейде орындалған, тәуелсіз, тұтас зерттеу, тұжырымдары мен қорытындылары теориялық тұрғыдан негізделген, дәлелді және толығымен зерттеу міндеттері мен оның барысында алынған нәтижелерге сәйкес келеді.

Ізденушінің алған нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы бар, себебі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастырудың өзекті ғылыми проблемасын шешуге бағытталған және білім беру ісінде қолдануға болатын нақты нәтижелерге қол жеткізген. Диссертанттың осындай шынайы нәтижелерге қол жеткізуіне оның іске деген үлкен жауапкершілігі, ізденімпаздығы, еңбекқорлығы, ғылыми зерттеу әдіснамасынан терең білімі мүмкіндік берді.

Жалпы, диссертанттың зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері болашақ педагогтарды, оның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдіруге зор ықпалын тигізеді сөзсіз.

Қорыта келе, Аяпбергенова Гульсим Сагындыковнаның 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы құзыреттілігін жобалар әдісі негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы зерттеу жұмысы теориялық және практикалық құндылығы жоғары, дербес орындалған, аяқталған ғылыми жұмыс деп есептеп, аталған мамандық бойынша диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми жетекші:

Академик Е.А.Бөкетов атындағы

Қарағанды университетінің бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Абильдина С.К.

РАСТАЙМЫН

Ға. қатшы

А.Т. Омар

20

